



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

1. Федеральная служба государственной статистики [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.gks.ru/> (дата обращения: 21.03.2015).
2. О Концепции развития инновационной инфраструктуры на территории Омской области до 2015 года [Электронный ресурс]: Постановление Правительства Омской области от 11.04.2007 N 43-п // Доступ из справочно-правовой системы «Гарант». – Режим доступа: <http://www.garant.ru/hotlaw/omsk/> (дата обращения: 23.03.2015)
3. Полежаев Л. К. Инновационная система Омской области открыта для инвестиций. Право и инвестиции, 2011, 2 (47) [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://dpr.ru/journal/journal_45_5.htm (дата обращения: 20.03.2015).

ӘОЖ 334.723:330.342.17(574)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫНЫҢ БИЗНЕС ЖОСПАР ҚҰРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАРЫНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ

Сыдыман Ақмерей Жаңабекқызы, Даулетова Аяулым Маратқызы

Asuduman@mail.ru, Aika.01.94@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультетінің 5В090500-

Әлеуметтік жұмыс мамандығының 2 курс студенттері, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Н.О. Молдашов

Қазіргі егемен, тәуелсіз еліміздің нарықтық экономикаға көшуіне байланысты шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға мемлекет тарапынан толығымен қолдау көрсетіліп жатыр. Соның ішінде маңызды орындардың біріне – кәсіпкерлер палатасын жатқызамыз.

Палатаның құрылуының негізгі мақсаты – бизнес қоғамдастығы мен мемлекеттік билік органдарының арасында өзара тиімді әріптестікті дамыту және кәсіпкерлік бастамаларды жүзеге асыруда қолайлы құқықтық-экономикалық жағдайларды қалып-тастыру болып табылады. Сондай-ақ, бизнес үшін рұқсат жүйесін жетілдіру, әкімшілік кедергілерді азайту да назардан тыс қалмайтындығын жеткізді. Бүгінде облыстың әр аудандарына бөлімшелерін ашу көзделген. Әр ауданға кем дегенде 5-10 маманға дейін тарту қажет деп отыр сала басшысы [1]. Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы – бұл бизнес пен биліктің тиімді серіктестігі негізінде кәсіпкерлікті дамыту үшін жағымды жағдайларды қалыптастыру мақсатымен ҚР Үкіметі мен «Атамекен» Одағы» ҚҰЭП ортақ шешімімен 2013 жылдың 9 қыркүйегінде құрылған коммерциялық емес, өздігінен басқарылатын ұйым [2]. Оның құрамына келесі шаруашылықтар кіреді:

– Қазақстанда тіркелген (соның ішінде, банктер және банк мекемелері, өнеркәсіп, ауыл шаруашылық және қаржы секторы саласындағы ұлттық холдингтердің құрамына кіретін ұлттық компаниялар мен мекемелер);

– коммерциялық заңды тұлғалар;

– жеке кәсіпкерлер;

– шаруа (фермерлік) қожалықтары;

Ұлттық кәсіпкерлер палатасы құрылымында келесі өкілдік және атқару органдары құрылған:

– съезд,

– президиум,

– басқарма,

– ревизиялық комиссия,

– аймақтық палаталар және кәсіпкерлердің кеңестері.

Ұлттық кәсіпкерлер палатасының атқаратын негізгі қызметтері:

– кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделеріне өкілдік ету және қорғау,

– аймақтарда кәсіпкерлік белсенділік пен кәсіпкерлік қызметі жағдайларының

қоғамдық мониторингісін өткізу,

- кәсіпкерлікті қолдауға және дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламаларға қатысу,
- отандық өндіріске қолдау көрсету және ұйымдардың сатып алуларында жергілікті құрамның үлесін арттыру,
- кадрларды даярлау, қайта даярлау, біліктіліктерін арттыру, сертификаттау және аттестаттау, техникалық және кәсіби білім беруді дамыту,
- кәсіпкерлік субъекттерінің сыртқы экономикалық қызметін ынталандыру,
- инвестицияларды тарту және экономиканы әртараптандыру.

Бұған қоса, Қазақстан Республикасының 2015-2019 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық дамытудың әзірленіп жатқан тұжырымдамасы аясында ҰКП сәйкес стратегиялық құжаттарын және даму жоспарларын әзірлеуде және талқылауда басты рөл жүктеліп отыр [2]. Сонымен қатар, ұлттық кәсіпкерлер палатасының арнайы заңнамалық құжатта белгіленген. Заң бойынша, Қазақстан Республикасы кәсіпкерлік секторының өсуіне және дамуына, мемлекеттік экономикалық және өзге де саясатты жасау және іске асыру кезінде кәсіпкерлердің мүдделерін ескеру үшін институционалдық жағдайлар жасауға, кәсіпкерлік қоғамдастық пен мемлекеттің өзара іс-қимыл жасау тетіктерін жетілдіруге бағытталған және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының құрылуына және қызметіне байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді [3]. Жалпы алғандағы ұлттық кәсіпкерлер палатасы халықаралық ұйымдарда кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіреді және қорғайды. Ұлттық палата:

1) кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысады;

2) кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін қозғайтын заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер жобаларына міндетті сараптаманы жүзеге асырады;

3) қаржы ұйымдары мен қаржы нарығының қызметін мемлекеттік реттеу функцияларын қоспағанда, кәсіпкерлік қызметті реттеудің жекелеген функцияларын бизнес-ортаға кезең-кезеңімен беру жөнінде ұсыныстар әзірлеуді және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізуді жүзеге асырады;

4) кәсіпкерлердің құқықтары мен міндеттерін қозғайтын мәселелер бойынша құрылатын орталық және жергілікті мемлекеттік органдар жанындағы алқалы консультативтік-кеңесші органдардың жұмысына қатысады;

5) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Ұлттық палата жанындағы аралық сотты және төрелік сотты құрады;

6) Кәсіпкерлік мәселелері бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Қоғамдық тыңдауларға Қазақстан Республикасы Парламентінің және жергілікті өкілді органдардың депутаттары, мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың, кәсіпкерлік субъектілерінің, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатыса алады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кіретін орталық атқарушы органдардың өкілдері, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың өкілдері қоғамдық тыңдауларға Ұлттық палата төралқасының шақыруымен қатысады (9 бап) [3].

Ұлттық палата құру ерекшеліктеріне тоқтала кетсек:

1. Ұлттық палата Ұлттық кәсіпкерлер палатасы - коммерциялық емес ұйымның өзге ұйымдық-құқықтық нысанында құрылады.

2. Ұлттық палата әрбір облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада өңірлік палаталарды құрады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында бір ғана Өңірлік палата құрылуы және қызмет етуі мүмкін.

3. Тиісті облыстың барлық аудандарында, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың аудандарында және астанада, сондай-ақ аудандық маңызы бар қалаларда Өңірлік палатаның аудандық филиалдары құрылады (15 бап)[3].

Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасының артықшылықтарының

бірі ретінде мемлекеттік бюджеттен қаржыландыру жатады. Кәсіпкерлерден Бизнес Жоба бойынша түскен өтініштердің барлығы ақысыз түрде қаралады. Нақты іске асуға дайын, жүйеленген жоба мамандардың көмегімен үлкен Бизнес Жоспарға айналады. Бұл іспен арнайы оқытылған экономист, маркетинг мамандар айналысады.

Кәсіпкерлер палатасының бизнес жоспар дайындау талабы бойынша бизнестің қай түрі болмасын барлық жоба негізгі бес бөлімнен тұрады. Олар келесідей атауға ие:

1. Бөлім Өтініш беруші туралы қысқаша сипаттама
2. Бөлім Жобаның қысқаша сипаттамасы
3. Бөлім Жобаны қаржыландыру
4. Бөлім Бәсекелестікке төтеп беру
5. Бөлім Маркетингтік бөлім
6. Бөлім Әлеуметтік – экологиялық бөлім [4].

ҰКП дайындайтын Бизнес Жоспардың артықшылықтары мен кемшіліктерінің толық ашу үшін оның бөлімдеріне жекелей тоқталып өтейік.

Бизнес жоспардың бірінші бөлімінде кәсіпорынның толық аты, жобаның атауы, жобаның маңызы, жобаны іске асыру орны, жобаны іске асыру кезеңі, қаржыландыру, жоба мақсатын іске асырудың сәйкестігі, меншік түрі, байланыс телефондары, салық бойынша қарыздары, жеке кәсіпкердің құрылымы баяндалады.

Бизнес жоспардың екінші бөлімінде жобаның маңыздылығы, жобаның тиімділігі айтылып, одан бөлек жобаның тиімділігін көрсететін көрсеткіштер сан түрінде беріледі, жоба бойынша штаттық тізім құрылады, жобаны іске асырудың қосымша міндеттері айқындалады.

Бизнес жоспардың үшінші бөлімінде жобаны қаржыландыру шарттары белгіленеді. Оларға:

- Кредиттеу бағдарламасы;
- Қарыз алу сомасы;
- Кредит мерзімі;
- Субсидиялау мерзімі;
- Сый ақы пайызы;
- Несиені жабу тәртібі;
- Кепілдікпен қамтамасыз етілуі жатады.

Бизнес жоспардың төртінші бөлімінде бәсекелестікке қарсы тұру мүмкіншілігі қандай, қаншалықты пайызда екені зерттелінеді. Жобаның орналасқан аймағына байланысты ауылдық округте немесе қалада қанша бәсекелестері бар екендігін және жобаның ауқымдылығына байланысты сыртқы саудаға шығу дәрежесі қаншалықты жоғары не төмендігін анықтайды.

Бизнес жоспардың бесінші бөлімінде жобаның толықтай нарықтағы сипаттамасы баяндалады. сонымен қоса, тәуекелдік құрылымы және оны талдау, тәуекелдердің алдын алу шаралары, тәуекелдерді төмендету шаралары, жабдықтау тәуекелдері туралы жазылады.

Бизнес жоспардың алтыншы бөлімінде жобаның әлеуметтік-экономикалық мағынасы, қоршаған ортаға әсері көрсетіледі [4].

Бұл бөлімдердің барлығы ҰКП – ның бизнес жоспар дайындау барысындағы тағы бір артықшылықтарына жатады. Себебі жобаны толықтай ашып, оған жаңаша сипат береді. Жобаның іске асуын қаржыландыратын мекемеге шешім қабылдау оңай болатындай барлық қырынан зерттелініп, талданған жобаны ұсынады.

Ақ түстің ақ екенін байқау үшін міндетті түрде қара түс бірге жүреді. Сол секілді кез – келген істің кемшілік тұстары болады. ҚР ҰКП – ның көпшілік халыққа қолайсыз болған кем – кетік жерлерін анықтау үшін 2014 жылы 20 желтоқсан мен 20 ақпан аралығында еліміздің 14 өңірі мен Астана және Алматы қалаларында палата серіктестері кәсіпкерлер қызметіне байланысты 30 мемлекеттік қызметті ұсынудың сапасын тексерді. Олар 500-ден астам шағын және орта бизнес өкілдері арасында сауалнама жүргізді. Соның нәтижесінде:

- Палата тарапынан шамадан тыс құжаттарды сұрау;

– артық шарттарды қою;
– мемлекеттік қызмет көрсетудің стандартты талаптарын орындалмау секілді кемшіліктер байқалды.

«ҚР ҰКП – да әзірленген стандарттар бастапқыдағы келісімдерге сәйкес келмейді. Яғни, қызметтерді ұсыну тәртібі мәселелері бойынша, мерзімді қысқарту, процедураларды автоматтандыру тұрғысында қабылданған тұжырымдамаларға сай болмай отыр. Стандарттардың көбісі нотариалды расталған жарғылар көшірмесін, тіркеу туралы куәліктерді, жеке куәліктерді ұсыну бойынша талаптармен асыра сілтеп тұр. Дегенмен де осы құжаттардың барлығы мемлекеттік мәліметтер базасында орналастырылған және оларды талап етуге негіз жоқ», – деп хабарлайды ҚР ҰКП басқарма төрағасының орынбасары Гүлнар Құрбанбаева [5].

Қорыта келе, еліміздің шағын және орта кәсіпкерлігін дамыту үшін ұлттық кәсіпкерлер палатасы тікелей өз үлесін қосады. Жоғарыда аталып өткендей оның артықшылығы мен кемшілігі де көрініс табады. Дегенмен, ең маңыздысы ел экономикасына елеулі өзгерістер енгізуде.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <http://munara.kz/11466/>
2. <http://www.kazlogistics.kz/kz/union/npp>
3. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000570> Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы заңы.
4. ҚР ҰКП – ның Бизнес Жоспарға қойылатын талап – міндеттері, Тараз-2012 ж., 85 бет.
5. <http://inform.kz/rus/article/2642605>

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАРЫНЫҢ БІРІ ЖҰМЫССЫЗДЫҚТАН ҚҰТЫЛУДЫҢ ӘДІСІ РЕТІНДЕ

Таштай Мейіржан Талғатұлы
Virus9509@mail.ru
Ғылыми жетекшісі – Г.С. Шайханова

Ең алдымен осы жұмыссыздықтың ғылыми ұғымына тоқталайық. Жұмыссыздық – елдегі еңбекке қабілетті тұрғындардың бір бөлігі өзіне пайдалы еңбекпен айналысатын кәсіп таба алмай дағдаратын әлеуметтік-экономикалық құбылыс.

Бүгінде тек Қазақстан емес одан бөлек көптеген мемлекеттер жұмыссыздықтың құрбаны болуда. Атап айтар болсақ бүгінде жұмыссыздық атауымен аталатын бұл құбылыстың елімізге тигізіп жатқан негативті әсерлері өте көп. Соның ең негізгілерін атап өтетін болсақ. Қазіргі күні елімізде қылмыстық құқық бұзушылықтың артуына әсер етуші факторлар болып – шешімін таппаған әлеуметтік-экономикалық проблемалар, өмірдегі түрлі жағдайлар, баспана мәселесі, жұмыссыздық, қолдау мен келешектің жоқтығы, тығырыққа тірелу адамды қылмыстық жолға итермелейді. Бірақта осы аталған факторлардың ішінде қылмыстық құқық бұзушылыққа көптеп әсер етіп жатқаны ол- жұмыссыздық. Мәселен, кез - келген бір жұмыссыз адамды алайық, ол өзінің отбасын асырауға материалды мүмкіншілігі болмағаннан соң қандай да бір қылмыстық құқық бұзушылық жасауға қадам басады [1,78.].

Ал енді жұмыссыздықтың елімізге тигізетін екінші бір экономикалық зардаптарының тізімін жасп көрейік. Біріншіден, егер бір азамат жұмысынан айырылатын болса, демек ол алдағы уақытта жалақы алмайды. Бірақ та ол қалайда болсын өмір сүруі керек, әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруы керек және мемлекет бұл жерде ол мәселені өз қолына алады. Қарап отырғанымыздай мемлекет тарапынан жұмыссыздарға берілетін жәрдемақылар